

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №1 «Өркен» арнайы
мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін
Директор  Ф.Н. Казбекова
« 28 » 11 2025

Бракераж комиссиясының тексеру актісі №7

Біз, төмендегі қол қоюшы комиссия мүшелері мектеп-интернат директоры
Ф.Ш.Казбекова, ДТІЖО Г.О. Утепова, Кәсіподақ төрағасы А.О.Шайымкулов, медбике
Б.Н.Карбекова, ата-ана Ж.С.Бегимбаева, әлеуметтік педагог Г.А.Картанова асхананың
келесі сұрақтар бойынша тексеріс жүргіздік

ТЕКСЕРІС МАҚСАТЫ:

Оқушылардың қауіпсіз және сапалы тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында дайын
тағамдардың сапасын, ас мәзірінің сәйкестігін, санитарлық жағдайды және тамақ
дайындау процесін тексеру.

Тексеріс барысында анықталғаны:


1. 28.11.2025 ж. күнгі ас мәзірі мектептің бекітілген күнделікті мәзіріне сәйкес
дайындалған.
2. Тағамдар уақытылы дайындалып, дәмі, иісі, түсі және температурасы нормаға сай:
3. Тағам көлемі мен салмағы санитарлық талаптарға және тағамдану нормаларына
сәйкес келеді.
4. Асхана ішіндегі санитарлық жағдай талаптарға сай – еден, үстелдер, ыдыс-аяқ таза.
5. Асхана қызметкерлері арнайы санитарлық киіммен қамтамасыз етілген,
санитарлық кітапшалары бар және жарамды.
6. Ата-аналар тарапынан тағам сапасына байланысты шағымдар тіркелмеді.

Комиссия шешімі:

- 28.11.2025 ж. күні дайындалған тағамдар сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
- Ас мәзірі толық және талаптарға сай.
- Асхананың санитарлық жағдайы жақсы деңгейде деп бағалансын.
- Бракераж комиссиясы асхана жұмысын "қанағаттанарлық" деп бағалайды.
-

Қол қою туралы Акт:

Біз, төменде қол қойған бракераж комиссиясының мүшелері, жоғарыда аталған
тексеріс нәтижелерімен танысып, толық келісеміз.

Бракераж комиссиясының төрайымы:  Ф.Ш.Казбекова

ДТДЖО

 Г.О. Утепова,


Кәсіподақ төрағасы:

 А.О.Шайымкулов,


Медбике:

 Б.Н.Карбекова,

Ата-ана:

 Ж.С.Бегимбаева,

Әлеуметтік педагог:

 Г.А.Картанова

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№1 «Өркен» арнайы
мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бракераж комиссиясы отырысының

Тараз қаласы **№7 ХАТТАМАСЫ** 28.11.2025ж

Қатысқандар:

1. Ф.Ш.Казбекова – Мектеп директоры
2. Г.О. Утепова – ДТІЖО (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
3. А.О.Шайымкулов – Кәсіподақ төрағасы
4. Б.Н.Карбекова – медбике
5. Ж.С.Бегимбаева – ата-ана
6. Г.А.Картанова - Әлеуметтік педагог хатшы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 28.11.2025 ж. дайындалған тағамдардың сапасын, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін тексеру.
2. Асхана қызметкерлерінің жұмысын бақылау.
3. Оқушыларға ұсынылған тағамның нормалары мен мәзірге сәйкестігін анықтау.
4. Комиссия мүшелерінің пікірлері, ұсыныстары және қорытынды шешімді бекіту.

Тыңдалды:

1. Әлеуметтік педагог Г.А.Картанова

Әлеуметтік педагог дайындалған тағамдардың сапасын көзбен шолып қарап, иісі, түсі, температурасы мен берілу жағдайының санитарлық талаптарға сай екендігін атап өтті. Оқушылардың тамақтану мәдениеті мен қауіпсіздігіне көңіл бөлудің маңызын айтты. Сонымен бірге порция көлемінің нормадан ауытқымауын, асхана тазалығының тұрақты бақылауда болуын атап көрсетті.

2. Медбике Б.Н.Карбекова

Медбике тағамдардың органолептикалық көрсеткіштері (дәмі, иісі, түсі, консистенциясы) бойынша санитаралық талаптарға сәйкес екенін айтты. Температура өлшеніп, нормадан ауытқу анықталмағанын хабарлады. Асханадағы қызметкерлердің арнайы киіммен жұмыс істеуі, жеке бас гигиенасын сақтау деңгейі бақылаудан өтті.

Ата-аналар комитетінің өкілі тағам сапасы мен порция көлемінің оқушыларға жеткілікті екенін атап өтті. Дегенмен кейбір өнімдердің балаларға тартымдылығын арттыру үшін тағам түрлерін әртараптандыру қажет екенін ұсынды. Асханадағы тазалық пен ыдыс-аяқтың толық жеткілікті екенін айтып өтті.

1. Мәзірді маусымдық өнімдермен толықтырып, тағам түрлерін әртараптандыру.
2. Асхана қызметкерлерінің санитарлық талаптарды сақтауын тұрақты бақылау.
3. Оқушыларға арналған тамақтану мәдениеті бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту.
4. Тағам температурасының күнделікті журналға уақытында тіркелуін қадағалау.

1. Тексерілген 28.11.2025 ж. тағамдар сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Асхана жұмысы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізілуде, айтарлықтай кемшілік анықталған жоқ.
3. Ұсыныстарды іс жүзінде орындау үшін асхана меңгерушісіне және жауапты қызметкерлерге тапсырылсын.
4. Келесі бракераж тексерісі бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Хатшы: *А. А. Карянова* Г. А. Карянова

